

Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісім жасасуға уәкілеттік берген уәкілетті мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де мәліметтерді ұсыну қағидаларын, мерзімдері мен нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 11 мамырдағы № 444 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 мамырда № 22738 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің 26-бабының 25-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісім жасасуға уәкілеттік берген уәкілетті мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісім жасасуға уәкілеттік берген уәкілетті мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтердің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрия және инфрақұрылым министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сауда және интеграция министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық дамыту, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 11 мамырдағы
№ 444 Бұйрыққа
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісім жасасуға уәкілеттік берген уәкілетті мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісім жасасуға уәкілеттік берген уәкілетті мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 26-бабы 25-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісім жасасуға уәкілеттік берген басқа да салалық мемлекеттік органдар және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет) арасында инвестициялар туралы келісім жасаған заңды тұлғалар бойынша мәліметтермен, инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтермен алмасу мақсатында, инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісім жасасуға уәкілеттік берген уәкілетті мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдері

2. Министрлік инвестициялар туралы келісім жасалған не бұзылған жағдайда, инвестициялар туралы келісімдер жасалған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісім жасасуға уәкілеттік берген уәкілетті мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметті, сондай-ақ өзге де мәліметтерді (бұдан әрі – мәлімет) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды.

3. Комитет Министрліктен мәліметтерді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органына жолдайды.

4. Аумақтық мемлекеттік кірістер органы инвестициялар туралы келісімдер бұзылған жағдайда, Комитеттен алынған мәліметтер бойынша Салық кодексінің 712-1, 712-2 және 712-3-баптарында көзделген салық міндеттемелерін заңды тұлғаның орындауы бойынша шараларды қабылдайды.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 11 мамырдағы
№ 444 Бұйрыққа
2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісімдер жасасуға уәкілеттік берген мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтері, сондай-ақ өзге де мәліметтер

№	Заңды тұлғаның атауы	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Инвестициялар туралы келісімнің №	Инвестициялар туралы келісім жасалған күн	Инвестициялар туралы келісімнің қолданылу мерзімі	Инвестициялар туралы келісімнің қолданылуын бұзу күн	Инвестициялық преференциялардың түрлері	Өзге де мәліметте
1	2	3	4	5	6	7	8	9

"Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісімдер жасасуға уәкілеттік берген мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісімдер жасасуға уәкілеттік берген мемлекеттік органның инвестициялар туралы жасалған келісімдер және осындай келісімдерді бұзу туралы мәліметтері, сондай-ақ өзге де мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі.

2-бағанда Министрлікпен инвестициялар туралы келісім жасаған заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

3-бағанда Министрлікпен инвестициялар туралы келісім жасаған заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

4-бағанда инвестициялар туралы келісімнің нөмірі көрсетіледі.

5-бағанда инвестициялар туралы келісім жасаған күні көрсетіледі.

6-бағанда инвестициялар туралы келісімнің қолданылу мерзімі көрсетіледі.

7-бағанда инвестициялар туралы келісімнің қолданылуын бұзу күні көрсетіледі.

8-бағанда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің 712-1, 712-2 және 712-3-баптарында көзделген инвестициялық преференциялардың түрлері көрсетіледі.

9-бағанда инвестициялар туралы келісім шеңберінде өзге де мәліметтер көрсетіледі.